

Ғылымда жетекші ғалым

Халықтық деңгейге көтерілген азаматтың атағын елі ерекше құрметпен сыйлайды. Жұртшылықтың көкейіне сондай қадірлі қалпымен ұялайды. Әр адамның маңайында көлеңкелеп жүретін күншілдері болады десек те, әлгіндей биікке көтерілген азаматтардың күнгейі басым, көлеңкесі аз болатыны сондықтан. Міне, осындай халқы кең таныған бүгінгі замандағы аса көрнекті ғалымдарымыздың бірі, ардагер азамат деген атаққа ие болған Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев екендігін мақтанышпен айта аламыз. Осындай аты көңілге оралғанда еңсеміз өсіп қалатын ғалым азаматымыз бүгінде алпыс асудың мерейтойы үстінде отыр.

Біздің басымыздан кешіп отырған ерекше күрделі жаңаруға, жаңғыруға бастап келе жатқан қоғамымыздағы нарықтық қатынас кезінде жас мемлекетіміз өзінің құбылалық бағыт-бағдарын дәл тауып, ілгері басып кетуі үшін осы Кенжекең сияқты білімді, ойға зерек, қоғамдық қатынасты айқын ажырата алатын азаматтардың аса қажет екенін көріп біліп отырмыз. Экономика ғылымын докторлық дәрежеге дейін меңгеріп, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі болған осы мерейтой иесі тынымсыз еңбек етіп, көп жұмыстар атқарып жүргеніне өз көзімізбен куәгер болып жүрміз.

Дүние жүзі бойынша жаңа басталып отырған қоғамдық фармация "нарықтық қатынас" деген атауынан басқаның бәрі де біз үшін әлі күнге жұмбақ күйінде келеді. Біздің мемлекетіміз өзге батыстық елдерден көп ерекшелігі бар, тіпті кеше ғана социализм деген фармацияны басынан кешкен ТМД елдері арасында дараланып тұрған өзіндік айырмашылығы көп ел едік. Сондықтан да біздің бүгінгі жаңа бағытымызда соқпағы жоқ соны кеңістік жатыр. Сол жолсыздан дұрыс бағыт тауып, ілгері басу қияметтей қиын екенін бүгінгі таңдағы тіршілігіміз әр күн сайын бетімізге басып көрсетіп келеді. Сол себепті де халқымыз күнделікті тұрмысындағы қиындықтың тауқыметін тартып отыр. Бұл жолда Елбасының қыран қайратына қоса Кенжекең сияқты білікті азаматтардың жол-жөн табуы аса қажет-ақ. Бірақ солардың қатары өте сирек. Біз бүгін сол сирек кездесетін ақыл-ой иесінің мерейтойын атап өтуді өзімізге мерей санаймыз.

Кенжеғали Әбенұлы өз өмірінің осы аталып өтіп отырған алпыс асуының бір бөлігін Ақмола қаласында өткізіп, маңайындағы араласқан ел адамдарына көптеген ғибратты үлгі тастап кеткен еді. Сол тұста ол өзі қайта құрып, дәрежесін асқақтатып кеткен ауыл шаруашылығы институты ғана емес, бүкіл Ақмола облысына ықпал жасады. Талай мәртебесі жоғары жиындарда облыс экономикасын ғылыми және тәжірибелік жағынан дәлелді де дәйекті көрсете отырып, облыс басшыларының ойына келмеген күрделі жайлардың жағдаятын жайып салып тұрғанын көріп сүйсінгенбіз. Ал облыс басшылары жұртшылық алдында өздерінің оралымсыздығы үшін кібіртіктеп, төменшіктеп қалып жататын. Бірақ, біліміне сенген бетті жігіт айтарын ашық та анық, айбынды етіп жеткізетін. Сондықтан болар басшы азаматтар өзінен ой дәрежесі биік тұрған Кенжекеңе ешбір реніш білдіре алмай бұғып

калатын. Тек онашада ғана "Кенжеғали Әбенұлы, осы пікіріңізді оңашалап та айтуға болатын еді ғой" деген жолдастық наздан әрі аса алмайтын.

Осындай қадір-қасиеті бар азаматты қоршаған маңайындағы дос-жарандары одан үнемі бір жаңалықтың, ғылымның, қоғамы көзқарастың үлгілерін көріп, өздері де Кенжекең сияқты достарының деңгейіне ұмтылатын. Олар бас қосқан демалыс сәттерінде Кенжекең тарапынан жаңағы қоғамдық орындардағыдай туралап бетке айтатын ірілікті байқамайтын. Оның есесіне жолдас-жоралық әзіл-қалжын, қызу пікірталас, өзара құрметтік сый-сыяпат гүлденіп тұрушы еді. Сондай салтанатты шақтарда жарқылдап күліп, балаша мәз болып отырған Кенжекеңді көретінбіз. Ер жігіттің басындағы үлкен өнердің бірі саятшылық, аңшылық болса Кенжеғалидың сегіз қырының бірі ретінде бұл өнерін де тамашаладық.

Өзі қайта құрған үлкен оқу орнының ұстаздар ұжымында да Кенжеғали тәлімінің айқын ізі қалды. Ғылым докторлары мен кандидаттар қатары өсті. Институт ғимараттары да өсіп жаңарып шықты. Қаржы жағынан да тапшылық көрмеді. Бұлардың бәрі де К.Ә. Сағадиевтің ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екендігінің дәлелі.

Біз он жылдай арамызда болып үлгілі өнеге қалдырған досымызды мәртебелі абыроймен Алматыға шығарып салдық. Ол енді Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының ғылыми хатшысы болып еліміздің озық ақыл-ойы тоғысқан ортада ұйымдастырушылық қабілетінің қайратын көрсете бастады. Көп ұзамай өзі де ең жоғары ғылыми құрметті атақ академиктікке ие болды және Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Президенттігіне бір ауыздан сайланды. Біз досымыз үшін Арқадағы Ақмола қаласында жатып-ақ шексіз қуандық.

Өмірде азамат жолының тура сызық бойынша біркелкі жүруі немесе біркелкі биіктеуі бола бермейді. Қандай қайратты, бетті азаматтардың өзі өмір жолының бұралаңына еріксіз түсіп жатады. Сондай бір сәттерде Кенжекең өзі бұрын қызмет істеп кеткен Қазақ мемлекеттік Экономика университетіне ректор болып барып, бірер жылдың ішінде осынау елімізге мамандықтары аса қажет оқу орнын Қазақтың мемлекеттік Басқару академиясы етіп қайта құрып, жоғары дәрежеге көтерді. Соңғы жылдарда ол Алматыдағы ауыл шаруашылығына байланысты екі институттың басын қосып, Қазақ мемлекеттік Аграрлық университеті етіп ұйымдастырып, соның ректоры болып отыр. Осындай жұмыстардың бәрінде де ол өзінің бойына біткен табиғи қасиеті - ұйымдастырушылық биік дәрежесінен тайған жоқ. Өміріндегі қандай өзгеріс тұсында да бізді - жерлестерін ақжарқын, ашық бейнемен қуанып қарсы алып жатқанын көреміз. Бұл да азаматтың бойына бітетін аса қажет, әрі қымбат қасиет.

Кенжеғали Әбенұлы біздің республикамызда ғана емес, басқа шет елдерде де жақсы қасиеттерімен танылып, ғалымдық жоғары атақтарға ие болып жүр. Яғни, қазақтың белді ғалымының еңбегі дүние жүзі бойынша дамып отырған экономика ғылымы негізінде жоғары бағаланатындығын көріп қуанамыз.

Оның ойынан туып, қаламымен өрнектелген тамаша еңбектерін біз бұл

жерде талдап жатуды жөн көрмедік және ол ғылыми терминдер жалпы халықтық болып отырған бүгінгі той үстінде қарапайым адамдар үшін аталуы да, айтылуы да түсінігі жағынан қиын болар еді. Оған қоса 140-тан астам ғылыми еңбектер мен монографияларын талдап жатуға мерейтойлық қысқа ғана құттықтау мақаланың көлемі де көтермес еді. Мұндай мерейтой кезінде азаматтың өзі мәпелеп өсірген отбасын айтпауға болмайды. Кенжекеңнің бүгінгі қалпын мәуелеп өскен бәйтерек десек - сол бәйтерекпен қатар өскен қайындай жұбайы Нағытай Әбітайқызы да ғылым кандидаты. Екеуара мәпелеп өсірген ұлдары: Нұрлан, Ерлан, Ербол сияқты жас азаматтар бүгінде қарбалас жүріп жатқан нарықтық экономиканың қырсырын жатық меңгерген қоғамымыздың белсенді мүшелері.

Бәйгегер тарландардың шабысы алты қырды артына тастағанда үдей түсетіні тәрізді бүгінгі жемісті де, жеңісті тойына қырандай қалқып еркін жетіп отырған Кенжекеңнің алар қырлары, айқын асулары әлі алда. Осы мерейтойынан шабыт алған ғалым халқын сүйсіндіретін тамаша туындыларын біздің алдымызға тағы да көлденең тартып, қуантатынына сеніміміз мол. Лайым да солай болғай!

Біз бұл жерде Кенжекеңнің үкімет тарапынан алған орден, медаль, грамота сияқты марапат дүниелерін санап жатпадық. Өйткені ең жоғары сыйлық халықтың азаматына жасаған құрметі деп білеміз. Осы тұрғыдан келгенде Кенжекең өзінің туған халқының алғысына бөленген бақытты ғалым. Оның маңайындағы жақын дос-жарандары мен туыстарының мол тәубәсі де осы.

«Сарыарқа» журналының
ақылдастар алқасымен редакция ұжымы
№ 1, 1998 жыл